

Ақтөбе қаласы

05.04.2019ж

№34 орта мектебі бойынша «Қамқоршылық кеңес» отырысының

№2 хаттамасы

Қатысқаны: Қамқоршылық кеңес мүшелері

Барлығы: 9 адам

#### Күн тәртібінде:

1. Көктем мезгілінде көгалдандыру жұмысы бойынша мектеп ауласын гүлдендіру
2. Мектепте оқушылардың смартфон пайдаланбауы туралы
3. Жазғы демалысты ұйымдастыру
4. Мектепте күзет қызметін ұйымдастыру туралы

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші сұрақ бойынша мектептің қамқоршылық кеңесінің төрайымы **Жонысова Ш.Ж** сөз алды:

Құрметті кеңеске қатысушылар бүгінгі күн тәртібінде қаралатын мәселе көктем мезгілінде көгалдандыру жұмысы бойынша мектеп ауласын гүлдендіру керек. Қазіргі таңда ауасын жұтып, суын ішіп отырған Табиғат Ананы қорғап, аялау – барша жұрт үшін тіршілік қамы, табиғат қажеттілігі. Мектебімізде «Жасыл мектеп» бағдарламасы аясында мектеп іші мен ауласын көгалдандыру, гүл мәдениетін дамыту арқылы оқушыларды табиғатты аялап, қастерлеуге үйретіп, жауапкершілікті қалыптастыру міндеті қойылған. Көктем айы басталысымен, мектеп ауласында көгалдандыру жұмыстарын біздермен бірге директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мен мектептің шаруашылық ісі жөніндегі меңгерушісі ат салысып орындайды деген сенім білдірді.

Мектептің қамқоршылық кеңесінің мүшесі **Ермағанбетова Гүлбану Қуандыққызы** Қалалық білім бөлімінің 2016жылғы 16 қарашадағы №04-5590 шығыс хатына сәйкес шығарылған мектеп оқушыларына «смартфон» ұялы телефондарын қолдануға тыйым салу туралы бұйрықпен таныстырып өтті. Қазіргі таңда «смартфон» ұялы телефондары білім беру мекемелерінде білім беру процесіне кері әсерін тигізіп, интернет желілерге бақылаусыз қол жеткізіп, оқушылардың білім алуына кедергі келтіріп, сонымен қатар осы ұялы телефондардың ұрлану жағдайлары орын алып жүргендігін айтты. Осыған байланысты ата-аналарға балаларына мектепке қымбат «смартфон» ұялы телефондарын алып келмеулеріне тыйым салып, қадағалауын ескерткенді жөн санайтындығын айтты.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша ДТДЖО Б.Р.Утебаева сөз алды 2019 жылғы жазғы кезеңде мектеп жанындағы «Ертегі» лагерінде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын ұйымдастыру мақсатында мектеп жанындағы лагерь екі маусымда жұмыс жүргізіп, 20 оқушы ақысыз, 20 оқушы ата-аналарының демеушілігімен ақылы түрде қабылданады деп жоспарланып отырғандығын айтып өтті.

Мектеп жанындағы «Ертегі» лагері мен ақылы лагерьдің жұмысын жүргізу, балалардың демалуына жағдай жасау, оқушылардың өмір қауіпсіздігіне жауап беру, іс-шаралар жоспарын құрып, жүргізілген жұмыстар бойынша есеп тапсыру лагерь



менгерушісі, Мектеп жанындағы лагерьге қатысатын оқушылардың құжаттарын қабылдау, рәсімдеу, оқушыларды уақтылы ұйымдастыру жауапкершілігі класс жетекшілері мен әлеуметтік педагог Г.К.Азаматоваға, Мектеп жанындағы лагерьлер жұмысының санитарлық – гигиеналық тазалығына, өрт қауіпсіздігінің -алдын-алу шараларына жауаптылық директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары З.Е.Мырзатаеваға, Оқушылардың жазғы демалыс кезінде жұмыс жасайтын қызметкерлерді еңбек және техника қауіпсіздігі тусіндіру және оқытуы Алғашқы әскери дайындығы пәні мұғалімі Жамалиев Н.Ә міндеттелетіндігі айтылды.


Сонымен қатар мектеп жанындағы «Достық» ойын алаңы мен аула клубтары ұйымдастырылады «Достық» ойын алаңы екі маусымда жұмыс жүргізіп, әр маусымға 5-6 класс оқушыларынан 45 оқушыдан қабылданатындығын айтты. 2019 жылғы жазғы кезеңде балалар мен жасөспірімдердің демалысын сауықтырылуын ұйымдастыру мақсатында мектеп жанындағы «Жеңіс» спорттық ойын алаңы I маусымда жұмыс жүргізіп, әр маусымға 7-8класс оқушыларынан 25 оқушы қабылданады деп айтты.

«Ертегі» лагеріндегі балаларға арналған ас мәзірі қосымша тіркеледі.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшесі Елеусизова Сағыныш Қожабаевна менің ойымша мектепте күзет қызметі қажет емес. Төтенше жағдайлар басқармасынан мектепке турнир қоюға болмайды деп берген жауабы бар. Біздің мектебімізде бір вахтер, үш күзетші бар, вахтерлар таңғы 7.00ден кешкі 19.00-ге дейін мектепте отырады, кешкі 19.00-дан таңғы 7.00-ге дейін үш күзетші алма кезек келеді. Күзетшілер тек мектеп ғимаратының ішін ғана емес, сырт территориясына да жауапкершілікпен қарайды. Мектебімізде бейне камера 10, 2-3 қабатта, мектеп акт залында, бастауыш қосымша кіре берісінде және сыртта 3-еуі орналасқан.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе, төмендегідей шешім шығарылды:

1. Мектеп ауласына гүлдендіру жұмыстары жүргізілсін, жұмысты жүргізу ДТІЖО Б.Р. Утебаеваға және Шаруашылық ісінің менгерушісі З.Е. Мырзатаеваға міндеттелсін.
2. Мектеп оқушыларына «смартфон» ұялы телефондарын қолдануға тыйым салынсын. Кешкі уақытта ата-анасымен хабарласу үшін қарапайым телефон ұстауға рұқсат етілсін.
3. Оқушылардың жазғы демалысы мен еңбек практикасы дұрыс ұйымдастырылуына қамқоршылық кеңесі өз тарапынан қажетті жағдай жасасын.
4. Мектебімізде вахтер мен күзетші болғандықтан, күзет серіктестігінің қызметін қажет етпейміз

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:  Жонысова Ш.Ж.

Хатшы:  Сағынтаева F